

ӘОЖ 930

## **БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ – СОҒЫС БАТЫРЫ, ОТАННЫҢ ПАТРИОТЫ**

**Атегов Сапарбай**

ategov.saparbai@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Қазақстан тарихы кафедрасы 1 курс магистранты,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., профессор Исакова К.И.

Отаншылдық-патриотизм сезімі жер бетіндегі барлық халықтардың бірлігінің, елдің елдігінің, мемлекеттің дербестігінің көрсеткіші болып табылады. Сондықтан, отаншылдық идеясы адамдар қауымдастығына көне заманнан белгілі сезім деп санауға болады. Адам қауымдасып өмір сүргеннен бастап, өз қоғамын, өлкесін, табиғатын сүйген, ұнатқан. Соларға деген айрықша сезімді бойына сіңірген. Кейін отаншылдық сезімі біртіндеп, саяси мән-мазмұн ала түскені баршаға мәлім. Ғалымдар мен зерттеушілер патриотизм - тарихи, әлеуметтік ұғым деп санайды. Ол адамның бойында туа біткен сезім емес. Патриотизм дегеніміз - өз Отанына деген сүйіспеншілік, өз халқына берілгендік, өз Отанының мүддесі үшін кез-келген құрбандық пен ерлік жасауға дайын тұрушылық. Патриоттық сезім ген арқылы мұраға берілмейді, нақтылы-тарихи ортада ұзақ уақыттар бойына қалыптасады.

Ұлы Отан соғысы миллиондаған боздақтардың өмірін қиып, адамзат тарихындағы сұрапыл алапатымен есте қалды. Елін, жерін фашизмнен ерлікпен қорғаған жауынгерлер патриотизмнің теңдессіз үлгісін көрсеткен сұрапыл соғыста жаудан әскери ақыл-айласын асырған қаһарман батыр Бауыржан Момышұлының қайталанбайтын асқақ тұлғасы ерекше.

Ғалым Қыдырәли Дарханның айтуынша, Баукеңнің әкесі молда Момыш көзі ашық, ескіше хат танитын, көкірегі ояу кісі еді. Бауыржанның Бауыржан болып қалыптасуында ақылды, сабырлы әкесімен қатар, мейірімді әжесі мен әрі батыр, әрі би Серкебай нағашысының да әсері мол болды. Санасына сіңген ауыл өмірі мен оқиғалар тізбегі, ондағы өнегелі өмір салты Баукеңнің елін, туған халқын қадірлеп, құрметтеп, бала кезінен патриот болып қалыптасуына әсер етті.

Бауыржан атамыз бала кезден ол батырлар жырын сүйіп оқиды. Алғаш сауат ашып, хат танығаннан кейін әкесі оны орысша оқытты. Алғашқы ұстаздарының бірі Сыдық Абпанов -мұсылман түркі жұртының ұлағатты ағартушысы Исмаил Гаспринскийдің ұйытқы

болуымен ашылған жәдит мектебінде, дәлірек айтқанда «Хұсаиние» медресесінде білім алған азамат еді [1,77]. Баукең ұстазын кейінірек Мемлекеттік сыйлыққа ие болған «Ұшқан ұя» романында ілтипатпен еске алады. Сонымен қатар, әкесінің бағыт-бағдар беруімен Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов сынды Алаш азаматтарының шығармаларымен ерте танысып, көңілге түйген Баукең, олардың біршамасын жаттап алады. Бұл орайда, Бауыржан Момышұлының кейбір замандастары тарапынан «современный Бөкейханов» дел аталуы да еске алуға тұрарлық. Отанға деген сүйіспеншілік, ұлтына деген ыстық сезімді Алашорда қайраткерлерінің еңбектерінен сусындап, көңілге түйді.

1941 жылы Екінші дүниежүзілік соғыс басталысымен, Бауыржан даңқты генерал майор И.В.Панфиловтың басшылығымен Алматы маңында жаңадан жасақталған 316 атқыштар дивизиясының құрамында майданға аттанады, батальон, полк командирі қызметтерін атқарады. Соғыстың соңғы жылдарында гвардиялық дивизияны басқарады. Соғыс кезіндегі жеке басының қаһармандық ерлігімен және ұрыс жүргізудегі әскери шеберлігімен ерекше көзге түседі. Жауынгерлік іс-қимылдарға қатысты ұрыстан шығу, шегініс жасау тәсілдерінің арнайы тарау болып әскери жарғыға енуі, тактикада «ошақты» және «икемді қорғаныс» ұғымдарының қалыптасуы Бауыржан Момышұлының осындай тәжірибелерінің жиынтығы болып табылады. Оның қолбасшы, терең ойлай білетін әскери маман ретіндегі таланты соғыста полк, дивизия басқарған жылдары кеңінен ашылды.

Тұтқиылдан басталған соғыс өрті Баукеңнің өміріне үлкен өзгеріс әкелді. Ол көптің бірі ретінде майданға аттанғанымен, батырлығымен, тапқырлығымен тез танылып, көп ұзамай атағы шартарапқа жайыла бастады. «Найзадан қол босаса - қалам алдым. Толғанып оқиғаны көп ойландым. Тырмысып әл келгенше көргенімді жалтақтамай именбей ашық жаздым», - деп толғаған Бауыржан Момышұлы қолына қару мен қаламды қатар алып жүріп соғысты.

Бұл орайда «солдаттың ерлігіне, ептілік шеберлігіне, әдіс-айласына дұрыс, әділ баға беріп үйренген» әскербасымын дегені бар. Мейлінше тәжірибелі, алғыр-тапқыр майталманның түсіндіруінше, «ұрысты басқара білу дегеніміз, демек атысты басқару, траекториялармен ептілікпен маневр жасау, дұшпанның төбесінен бас көтермей атып, оны жерге, окоптарының, орларының түбіне тығып жіберу, бет қаратпау және атыс ұялары амбразураларын қирату, сөйтіп жаудың күшін аяусыз жою, өз күшінді аялап сақтау деген сөз» дейтін танымдық-тағылымдық сара пікірі ұрыс өнерінің өзегі іспетті деп санайды С.Негимов [2,41].

Бауыржан Момышұлының әскери-психологиялық тәрбие, ұлттық жауынгерлік мәдениет пен өнегелілік жайлы тарихи, тәжірибелік мән-мазмұны терең ой-толғаныстары өз алдына өзгеше бір әлем. Ол: «Тәрбие жұмысының басты қасиеті – адамның бойында жауынгерлік қасиетті, жауынгерлік өнегелілікті қалыптастыру» мәселесін кеңінен кемел толғап, ақыл, сезім, ерік, ар-ождан, әділдік, шындық, абырой, парыз, ес, ойлау, жігер, қайсарлық, армандаушылық, сенім, зерігу, күдік, қулық, селқостық, күншілдік, мақтангөйлік тәрізді жан дүниенің құбылыстарына шынайы сипаттамалар береді. Мәселен: «Ар – парыздың бақылаушысы, адам қызметін реттеп отырушы»; «Ержүректілік пен батылдық жүректен шығуға тиіс»; «Табандылық – батырлардың қалқаны»; «Адамгершілік сезімі, ұят-сезімі, ерік-жігер, мақтаныш... жауынгерлерге өзінің ішкі қорқынышын, содан кейін сыртқы қорқынышты жеңуге көмектеседі...»; «Ұлттық мақтаныш – сол ұлттың адамы үшін қасиетті, әрі бұзылмас заң», - дейді Б.Момышұлы.

Соғыстан кейін Бауыржан Совет Армиясы Бас штабының Жоғары әскери академиясын бітіреді. Әскери педагогикалық жұмыспен айналысып, Совет Армиясы әскери академиясында сабақ береді. 1956 жылы полковник атағымен отставкаға шыққан Бауыржан біржола шығармашылық жұмыспен айналысады. Оның қаламынан туған, өмір шындығын арқау еткен тамаша романы мен әңгіме, повестері қалың оқушының іздеп оқитын шығармаларына айналады. Олар бірнеше қайтара басылып шығады.

Қазақтың кез келген жазушысы қолына қалам алған сәтте, әдебиетке келер шағында,

әдебиетіміздегі поэзия жанрына соқпай кеткені кемде - кем. Бәукең де сол секілді. Жазушылықты поэзиядан бастаған көрінеді. Поэзиядан бастауының тағы бір себебі қазақтың бай ауыз әдебиеті үлгілерімен сусындап, Абай мен Мағжан өлеңдерін көп оқығанының әсері болуы керек. Сондай-ақ Жуалының әсем табиғаты да оны өлең жазуға итермелегені сөзсіз. Өлең-жырларының көбі ауыз әдебиетінің үлгісімен жазылған. 1930 жылдардың басынан үнемі әскери жорықтарда болған Бәукең қалта кітапшасына көрген-білгендерін тізіп жаза отырып, осы күнге мұра етіп қалдырыпты. Бұл қалта кітапшалары Алматыдағы орталық мұрағатта сақтаулы [3,54].

1930-1955 жылдар аралығында әскери қызметте болған Бәукең қолы қалт еткен кезде, қолына қаламын алып, шығарма жазып отырған. Жазушының «Ұшқан ұясы» осы екі аралықтағы кезеңнің жемісі. «Ұшқан ұяның» алғашқы нұсқалары 1940 жылдардан бастау алады деп айтуға толық негіз бар. Бәукең өзінің жазған шығармаларының астына күнін, айын, жылын көрсетіп, қолын қойып отырған.

Соғыс және соғыстан кейінгі жылдары Баукеңді толғандырған мәселе - қазақ тілінің жай-күйі еді. Міне, осы мәселе жайында 1943 жылдың желтоқсан айында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Николай Александрович Скворцовтың өзіне кіріп, бүкпесіз ашып айтқан екен. Жазушы-журналист Мамытбек Қалдыбайдың айтуынша, осы жолы Баукең қазақ халқының барлық салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын қайта жаңғырту қажеттігін баса айтады. Бауыржан намыстанып, қызбалана келе азуы алты қарыс бірінші хатшыға: «Өткен тарихымызды бірыңғай қара бояумен бояп «біз надан, қараңғы едік» деген кейбір шолақ белсенділердің аузына құм құйып, жастарымызды барлық жақсы дәстүрлерімізді қастерлеп, сүйеге, сөйтіп ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы жинаған білімі мен тәжірибесі негізінде, яғни ұлттық ерлік рухында шындалып өсуіне жағдай жасауымыз керек. Бұл сіз бен біздің тікелей азаматтық парызымыз. Хандарымыз бен билеріміз өз заманында халық қамқоры, халық көсемі болғаны тарихи шындық. Ал, шолақ белсенділердің ойынша, кім хан, кім би болса - сол антұрған. Маркстің көзқарасымен неге сәйкес келмейді деп кінәлау әділеттілік пе?»- дейді[4,102-103].

«Ана тілімізге төніп тұрған қатерлі қауіпті көреген Бәукең сол жылдары-ақ байқап, әрекетке көшеді. Қазіргі біздің ана тіліміздің тағдырын Б. Момышұлы осыдан алпыс жылдан астам бұрын байқаған еді.

Сұрапыл соғыс күндерінің өзінде ана тіліміз - қазақ тілінің абыройы үшін күресуі - мемлекеттік тіліміздің мәртебесі үшін атсалысып жүрген баршамызға өнеге.

Даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлы елі ардақ тұтқан, өзінің азаматтық борышына әрдайым адал болған, елжандылық қасиетімен ерекшеленген асқақ тұлға екені даусыз. Айтқанымызға дәлел ретінде оның «Қанмен жазылған» кітабынан үзінді келтірейік.

«Патриотизм — Отанға (мемлекетке) деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман саулығы қоғамдық-мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстығын сезіну, өзіңнің мемлекетке тәуелді екенінді, мемлекетті нығайту дегеніміз жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм дегеніміз мемлекет деген ұғымды, оны жеке адаммен барлық жағынан өткенімен, бүгінгі күнімен және болашағымен қарым-қатынасын білдіреді.

Патриотизмнің маңызды элементтерінің бірі, онымен етене байланысып жатқан ұлттық рух пен ұлттық патриотизм жөнінде айтып өту қажет. Ұлттық рух пен ұлттық патриотизм — бұл ұлттың ішіндегі жеке адамның асыл белгісі мен қасиеті — өз халқына деген сүйіспеншілігі, жеке адам өз халқымен қан жағынан да және шыққан тегі, территориясы, тілі, тұрмыс-тіршілігі, мінез-кұлқы, психологиялық, және этнографиялық ерекшеліктері, қалыптасқан тарихи дәстүрлері жағынан да әбден айқын әрі дербес басқа қасиеттері және ерекшеліктерімен де байланысты. Мұның бәрін міндетті түрде есепке алу үшін әрі бұл сезімді әскерлерге күш-жігер беретін мықты құрал ретінде пайдалана отырып, патриотизм, Отанға, ұлтқа сүйіспеншілік ұғымының жалпы арнасына бағыттап жіберу үшін білу қажет... Барлық халық, барлық ұлы да тамаша нәрселер жасауға қабілетті. Біз үнемі лайықты бауырмалдық қарым-қатынас жасауға, әрі кез келген ұлт пен халықты құрметтеуге тәрбиелеуіміз керек», - деп жазды [5,3]. Б.Момышұлының бұл сөздері халықты бірлікке, отансүйгіштікке шақырады.

Б. Момышұлының патриоттық, интернационалдық ой-толғамдарға толы «Москва үшін шайқас» романы [6], 1950 жылдардың ортасында қазақ оқырмандарының қолына тиді. Оған дейін мұндай қомақты үлкен соғыс тақырыбына жазылған шығарма болған жоқ.

Б. Момышұлы «Москва үшін шайқасты» бастаған сәтте шығарманы орысша жазуды ұйғарды. Ол автордың орыс тілін кең меңгергендігінен емес. Шығарманы орыс тілінде жазуда автор қатты қиналды. Ауылда туылып, ескіше - жаңаша хат таныған Б. Момышұлы тілі қазақша болатын. Ол әуелі қазақша ойлап, содан кейін барып, орысшаға аударып, қағаз бетіне түсірді. Жүре келе бұл тілге де әбден жаттығып, шығармаларын екі тілде бірдей жазып беретін үлкен дарындылық қабілетке ие болды.

Шығарманы жазудағы Б. Момышұлының негізгі мақсаты, өзі жүріп өткен өскелең өмірінің кішкентай бір бөлігін көпшілікпен бөлісіп, өзі басынан өткізген сұрапыл соғыстың ауыр күндерін, ауыр жолдарын естелік ретінде ұсыныну еді. Автор оқырман алдында да, өзінің қарулас достарының алдында да міндетін өтеді.

Әрине, Баукеңнің соғыста жүріп жазған хаттары, соғыс кезіндегі және соғыстан кейінгі шығармалары, патриоттық сезімге толы тыныс-тіршілігі қазақ зиялылары мен ойлы азаматтарға үлкен қозғау салғанымен, кеңестік басшыларға ұнай қойған жоқ.

Баукең соғыста жүрген кездің өзінде «ұлтшыл» атанды. Кеңестер Одағы оған батыр атағын бермей, керісінше, басқан ізіне аңду қойды. Сондықтан, Мәскеу «ресми емес батырға» генерал шенін қимай, оны әскери қызметтен ерте шеттетті.

«Сондай азаматтың еңбегі мен ерлігі еленбегені, ескерілмегені әрбір жүректі жаралағаны, әрбір сананы шайқағаны айтпаса да түсінікті еді. Жүректі сыздатқан көпекөрінеу әділетсіздік — халқымыздың жүрегіне мықтап байланған шер-шемен болатын. Баукеңнің мұрасы, оның көзсіз ерліктері туралы зерттемеген ғалым, жырламаған ақын жоқ шығар, сірә.

Сонымен қатар, батырдың небір ауыр шайқастарда жауынгерлерді алға қойған мақсатқа жетуге жігерлендіріп, тұйықтан жол таба білген шеберлігі жөнінде көптеген әңгімелер айтылып, естеліктер, көркем шығармалар мен ғылыми мақалалар жазылуда», - деп жазды зерттеушілер [7,31]. Батыр Бауыржан үлгісі бізді, елді, жерді, Отанды, тілді сүйіп, құрметтеуге баулиды.

Елім деп еңіреген Бауыржан Момышұлының өнегелі, отты өмірі мен көзсіз ерліктері-біздер, тарихшыларға, үлгі.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Қыдырәли Д. Батыр Бауыржан // Таңшолпан, 2006, №2.
2. Негимов С. Бауыржан Момышұлы – намысты ұлт ұраны // Ана тілдің айбыны, ғыл. – прак. конф. баяндамалары. – Астана: Зерде. -2010.
3. Кәтімхан М. Б. Момышұлы мен А. Бектің шығармашылық байланысы // Ақиқат. - 2010. - №8.
4. Мамытбек Қалдыбай. Атақ пен шатақ. - Алматы, 2005.
5. Момышұлы, Б. Қанмен жазылған кітап. / Момышұлы Б. - Алматы: Қазақстан, 1991. - 400 б.
6. Момыш-ұлы, Б. Избранное / Б. Момыш-ұлы. - Алматы: Жазушы. – 1978.-Т. : За нами Москва. - 248 С.
7. Исакова К.И. Бауыржан Момышұлы – соғыс батыры, отанның патриоты // Ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Астана, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2010 қараша. -С.22-33.